«8D03104 – Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Әлішерова Айгерім Бақытжанқызының «Саяси реформалар кезіндегі студенттік жастардың саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктері (Алматы қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	***Диссертация ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді. Бағыты:*** *әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қоғамдық-саяси даму, мемлекеттік басқару, азаматтық қоғам, жастар саясаты және саяси жаңғыру мәселелері.* *Диссертация тақырыбы саяси реформалар, жастардың саяси мәдениеті, саяси қатысу, азаматтық белсенділік, цифрлық саяси коммуникация және мемлекеттік жастар саясаты проблемаларын тоғыстырады. Жұмыста Президент Жолдаулары, "Жаңа Қазақстан" реформалары, жастар саясаты туралы заң және саяси институттардың өзгерісі зерттеудің эмпирикалық және нормативтік негізі ретінде алынған.*
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	***Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, оның маңыздылығы ашылған.*** *Зерттеу Қазақстандағы саяси реформалар жағдайында студенттік жастардың саяси мәдениетін Алматы қаласы мысалында кешенді талдауға арналған. Автор ғылыми айналымға "студенттік жастардың*

			гибридті-цифрлық саяси мәдениеті" концепциясын енгізеді, саяси мәдениеттің трансформациясын дәстүрлі және цифрлық қатысу арналарының бірлігінде түсіндіреді, 2016, 2021, 2023 жылдардағы жастар өкілдігін салыстырады, партия бағдарламалары мен депутаттық сауалдарды талдайды. Бұл жұмыс саяси мәдениет теориясын қазіргі цифрлық және реформалық контексте нақтылайды және қазақстандық саяси ғылымдағы айқын олқылықтың орнын толтырады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	***Жоғары.*** *Диссертацияда авторлық концепт, дербес гипотеза, өз бетінше құрылған зерттеу сұрақтары, нақты эмпириялық база, дербес жүргізілген онлайн сауалнама, эксперттік сауалнама, библиометриялық және контенттік талдау бар. Қорғауға ұсынылған ережелер де авторлық құрылыммен жүйеленген. Мәтіннің жалпы композициясы мен зерттеу логикасы компилятивтік деңгейден жоғары екенін аңғартады.* ***Сонымен бірге мәтіннің кейбір бөлімдерінде әдебиеттерді кең қамту салдарынан шолу үлесі басымдау көрінеді****, бірақ бұл өздігінен жазылу деңгейін төмендетпейді.*
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	***Негізделген.*** *Өзектілік бірнеше қырынан дәлелденген: жастардың саяси процестегі рөлі, Қазақстандағы саяси реформалардың жаңа саяси шынайылық қалыптастыруы, Алматының азаматтық және студенттік белсенділік орталығы ретіндегі ерекшелігі, сондай-ақ жастар саясатын жетілдіруге қолданбалы сұраныс. Өзектілік зерттеу нысанын таңдаумен, кеңістіктік локализациямен және саяси контекстпен ұштастырылған.*
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды**; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	***Айқындайды.*** *Үш тарауды құрылымы тақырыпқа тікелей бағынады: бірінші тарауда теориялық дискурс, екінші тарауда Қазақстандағы саяси трансформация мен реформалар, үшінші тарауда Алматы студент*

			жастарының саяси мәдениетінің эмпириялық талдауы берілген. Демек, мазмұн тақырыптан ауытқымайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді**; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	***Сәйкес келеді.*** *Мақсат – саяси реформалар жағдайында Алматыдағы студенттік жастардың саяси мәдениетінің өзгерісі мен ерекшеліктерін анықтау. Міндеттер осы мақсатты толық ашады: теориялық негіздерді талдау, саяси трансформацияны сипаттау, реформаларды зерделеу, әлеуметтік медианың ықпалын анықтау, эмпириялық талдау жүргізу, ұсыныстар әзірлеу. Мақсат пен міндеттер арасында алшақтық жоқ.*
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан**; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	***Толық байланысқан.*** *Диссертацияның құрылымы жүйелі және бірізді құрылған. Алдымен зерттеудің теориялық негіздері мен ұғымдық аппараты қарастырылған, кейін Қазақстандағы саяси реформалардың мазмұны мен ерекшеліктері талданған. Соңғы бөлімде осы теориялық және контекстуалдық негіздерге сүйене отырып, студенттік жастардың саяси мәдениетіне эмпириялық зерттеу жүргізілген. Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер диссертация бөлімдерінің мазмұнымен тікелей байланысты және олардың логикалық жалғасы ретінде көрінеді.*
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) **талдау ішінара жүргізілген;** 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	***Талдау ішінара жүргізілген.*** *Автор жаңа концепция ұсынады, цифрлық саяси мәдениет мәселесін негіздейді, әлемдік әдебиетке библиометриялық талдау жасайды, Қазақстандағы бұрынғы типологиялармен жанама салыстыру береді. Дегенмен "гибридті-цифрлық саяси мәдениет" ұғымы өзге ұқсас халықаралық концепттермен терең ұғымдық салыстыру арқылы емес, көбіне зерттеу нәтижелерінің негізінде ұсынылған. Сондықтан сыни салыстырмалы талдау бар, бірақ толыққанды концептуалдық қарсы қою деңгейіне жетпейді.*
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	***Ішінара жаңа (25–75% жаңа).***

		1) толығымен жаңа; 2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	*Жаңалықтың өзегі бар: авторлық концепция, библиометриялық карта, жастардың институционалдық өкілдігін динамикада талдау, цифрлық саяси қатысу мен реформалар арасындағы статистикалық байланыстарды көрсету. Сонымен бірге диссертацияның теориялық бөлігінің бірқатары саяси мәдениет туралы классикалық және қазіргі әдебиетті жүйелеуге сүйенеді.* *Жұмыста сыни салыстырмалы талдау элементтері болғанымен, ұсынылған концепцияны қолданыстағы теориялық модельдермен жүйелі түрде салыстырып, оның айырмашылығы мен артықшылықтарын толық ашатын терең концептуалдық деңгейге жеткізілмеген.*
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	***Ішінара жаңа (25–75% жаңа).*** *Қорытындылардың жаңалығы эмпирикалық деректер мен авторлық интерпретациядан туындайды: студент жастардың саяси мәдениеті гибридті-цифрлық сипатқа ауысқаны, реформалар мен саяси қатысу арасында әлсіз және орташа оң байланыстар бар екені, цифрлық арналардың жетекші орынға шыққаны айқындалған. Бірақ қорытындылардың бір бөлігі жалпы саяси модернизация, әлеуметтену, жастар белсенділігі туралы бұрыннан белгілі ғылыми пайымдарды қазақстандық кейспен толықтырады.*
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	***Ішінара жаңа (25–75% жаңа).*** *Диссертацияда ұсынылған басқарушылық және институционалдық шешімдер зерттеу нәтижелеріне негізделген және жастардың саяси мәдениетін дамытуға бағытталған жүйелі ұсыныстар ретінде сипатталады. Атап айтқанда, азаматтық-саяси білім беруді күшейту, жастардың саяси институттардағы өкілдігін кеңейту, цифрлық қатысу тетіктерін дамыту сияқты бағыттар эмпириялық деректермен және сараптамалық бағалаумен негізделген. Сонымен қатар бұл ұсыныстардың басым бөлігі саяси ғылымда және мемлекеттік басқару тәжірибесінде бұрыннан белгілі тәсілдерді нақты қазақстандық контексте бейімдеу сипатында көрінеді. Осыған байланысты олар*

			толықтай жаңа емес, бірақ мазмұндық тұрғыдан жаңартылған және қолданбалы мәні күшейтілген шешімдер ретінде бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	***Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.*** *Қорытындылар бірнеше дереккөз бен әдіске сүйенген: 563 студентке жүргізілген сауалнама, 13 сарапшының пікірі, Scopus бойынша 133 мақалаға библиометриялық талдау, WVS, Freedom House, BTI, Фридрих Эберт қоры зерттеулері, партия бағдарламалары, депутаттық сауалдар, онлайн петициялар, SPSS корреляциялық талдауы. Әсіресе сапалық және сандық тәсілдердің ұштасуы гуманитарлық-саяси зерттеу үшін жеткілікті дәлелдемелік база қалыптастырған. Мұнымен қатар, корреляциялық байланыстар себеп-салдарлық қатынасты толық дәлелдемейтіні мәтінде өзі де мойындалған, бұл автор ұстанымының ғылыми ұқыптылығын көрсетеді.*
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	*7.1 Ереже 1* **Мазмұны:** *авторлық анықтама және "студенттік жастардың гибридті-цифрлық саяси мәдениеті" концепциясы.* **7.1 Ереже шамамен дәлелденді.** *Ұғым эмпириялық дерекпен, цифрлық қатысу арналарының кеңеюімен, онлайн петиция мен eOtinish қолдануымен, әлеуметтік медианың басымдығымен негізделген. Бірақ жаңа концепт ретінде оны теориялық операционализациялау мен халықаралық ұқсас ұғымдардан жіктеу тереңірек болуы керек еді.* **7.2 Тривиалды емес.** *Бұл тұжырым жастардың интернетті пайдалануы туралы қарапайым байқаумен шектелмейді, керісінше олардың офлайн және онлайн кеңістіктегі саяси тәжірибелерінің өзара байланысын саяси мәдениет аясында кешенді түрде түсіндіруге бағытталған.* **7.3 Жаңа** *Автор оны зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде тікелей ұсынады және қазақстандық студент жастар контексінде эмпириялық тұрғыда негіздейді.*

		7.3 Жаңа ма?	**7.4 Қолдану деңгейі орташа.** *Ұғымды жастар саясаты, саяси әлеуметтену, цифрлық қатысу зерттеулерінде қолдануға болады. Дегенмен ол әзірше бір кейс аясында негізделген, сондықтан әмбебап қолдану ауқымы әлі кеңеймеген.* **7.5 Бұл тұжырымның мақалада дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.** *Публикациялар тізімі бар, бірақ дәл осы концепцияның қай мақалада толық дәлелденгені мәтінде нақты ажыратылып көрсетілмеген.*
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	*7.2 Ереже 2* **Мазмұны:** *жастардың саяси мәдениеті тарихи-мәдени қабаттар мен қазіргі модернизациялық үрдістер тоғысындағы динамикалық процесс.* **7.1 Ереже шамамен дәлелденді.** *Теориялық және тарихи бөлімдерде бұл көзқарас жеткілікті ашылған. Алайда оны тікелей өлшейтін эмпириялық индикаторлар шектеулі. Сондықтан негізі бар, бірақ дәлелдемесі аралас сипатта.* **7.2 Тривиалды емес** *Бұл тұжырым саяси мәдениетті статикалық емес, көпқабатты және трансформацияланушы феномен ретінде сипаттайды.* **7.3 Жаңа емес** *Мазмұны жағынан бұл тезис толық жаңа емес; саяси мәдениетті тарихи, әлеуметтік, құндылықтық қабаттар арқылы түсіндіру саясаттануда бұрыннан бар. Жаңалығы — оны қазақстандық жастар контексімен ұштастыруында.* **7.4 Қолдану деңгейі кең.** *Бұл ережені жастар саясаты, саяси әлеуметтену, саяси мәдениет теориясы, ұрпақтық зерттеулер аясында кеңінен қолдануға болады.* **7.5 Мақалада дәлелденген** *Публикациялар тізімінде саяси мәдениет ұғымы мен теориялық-концептуалдық аспектілеріне арналған жеке мақала бар. Бұл ереженің теориялық бөлігі сол еңбектерде көрініс тапқан деуге негіз бар.*
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			7.3 Ереже 3 **Мазмұны:** *билік транзиті мен саяси реформалар саяси мәдениетті жаңғыртуға мүмкіндік береді, бірақ оны тежейтін кедергілер бар.* **7.1 Ереже дәлелденді** *Мәтінде реформалардың мазмұны, институттық өзгерістер, жастар белсенділігіне ықпалы, сонымен бірге әлеуметтік теңсіздік, сенім дағдарысы, жемқорлық, репрессиялық тәжірибе секілді шектеуші факторлар нақтыланған. Теориялық және эмпириялық бөлімдер бір-бірін толықтырады.* **7.2 Тривиалды емес.** *Автор реформаларды біржақты позитивті процесс ретінде емес, шектеулері бар ұзақмерзімді құбылыс ретінде сипаттайды. Бұл аналитикалық теңгерімді көзқарас.* **7.3 Жаңа емес.** *Реформалардың мүмкіндігі мен шектеуі қатар жүретіні туралы тезис жалпы саясаттануда жаңа емес. Жаңалығы — оны жастардың саяси мәдениеті призмасы арқылы Қазақстан жағдайында негіздеуінде.* **7.4 Қолдану деңгейі кең.** *Бұл тұжырымды мемлекеттік басқару, саяси модернизация, жастар саясаты және демократиялану процестерін талдауда кең пайдалануға болады.* **7.5 Мақалада дәлелденген.** *Публикациялар арасында "Жаңа Қазақстандағы саяси реформалар" атты баяндама материалы және осы тақырыппен сабақтас мақалалар бар.*
			7.4 Ереже 4 **Мазмұны:** *2021 және 2023 жылдардағы парламенттік сайлауларды салыстырмалы талдау жастар өкілдігінің кеңейгенін, бірақ жеткіліксіз екенін көрсетті.* **7.1 Ереже дәлелденді.** *Автор жас кандидаттар үлесін, 30% квота құрылымын, жас*

			депутаттар санын және депутаттық сауалдардың мазмұнын талдаған. Тұжырым сандық әрі мазмұндық талдау арқылы бекітілген. **7.2 Тривиалды емес.** *Тұжырым символдық өкілдік пен мазмұнды өкілдіктің арасындағы айырманы ашып көрсетеді. Бұл қарапайым статистикалық байқаудан гөрі терең саяси интерпретация.* **7.3 Жаңа.** *Диссертацияда Қазақстандағы жастардың институционалдық саяси өкілдігі алғаш рет динамикада көпдеңгейлі түрде кешенді қарастырылғаны арнайы айтылған.* **7.4 Қолдану деңгейі орташа.** *Ереже Қазақстандағы сайлау, партиялық жүйе, өкілдік мәселелерін талдауда маңызды. Алайда географиялық және саяси контексті ұлттық деңгеймен шектеледі.* **7.5 Мақалада дәлелденген.** *Публикациялар арасында партиялардың сайлауалды бағдарламаларындағы жастар мәселесіне арналған арнайы мақала бар.*
			7.5 Ереже 5 **Мазмұны:** *әлеуметтік медиа мен цифрлық платформалар студент жастардың саяси әлеуметтенуінің жетекші агентіне айналды.* **7.1 Ереже дәлелденді.** *Сауалнама нәтижелерімен, 2013 жылғы деректермен салыстыру арқылы және ақпарат алу арналарының өзгерісі жөніндегі интерпретациямен негізделген. Теледидар мен дәстүрлі БАҚ үлесінің төменден, Instagram, TikTok, YouTube, Telegram-ның алға шыққаны нақты көрсетілген.* **7.2 Тривиалды емес.** *Тұжырым жай ғана медиа тұтынуды емес, саяси әлеуметтену агенттерінің құрылымдық ауысуын сипаттайды.* **7.3 Жаңа емес.** *Жалпы әлемдік ғылымда әлеуметтік медианың саяси әлеуметтенудегі рөлі бұрыннан зерттелген. Жаңалығы — бұл үрдістің Алматы студенттері арасында эмпириялық расталуында.*

			7.4 Қолдану деңгейі кең. *Ереже жастар саясаты, медиа сауаттылық, саяси коммуникация, электоралдық мобилизация, азаматтық білім беру салаларында кең қолданылады.* **7.5 Мақалада дәлелденген.** *Публикациялар қатарында жастардың саяси қатысуындағы жаңа медианың рөлі және цифрландырудың саяси белсенділікке ықпалы жөніндегі еңбектер бар.*
			7.6 Ереже 6 **Мазмұны:** *саяси реформалар мен дәстүрлі және цифрлық саяси қатысу арасында корреляциялық байланыстар бар.* **7.1 Ереже дәлелденді.** *Pearson корреляциясы арқылы реформалар туралы хабардарлық пен саяси қызығушылық, сайлау, митинг, онлайн петиция, eOtinish пайдалану арасында статистикалық мәнді, негізінен әлсіз және орташа оң байланыстар анықталған. Автор себеп-салдарлық байланысты түпкілікті дәлелдемейтінін де әділ көрсеткен.* **7.2 Тривиалды емес.** *Тұжырым интуитивті болжамды статистикалық тексеруден өткізген. Эмпириялық тексеру оны тривиалды емес ғылыми ереже етеді.* **7.3 Жаңа.** *Қазақстанның осы нақты кейсінде студент жастардың реформалар туралы хабардарлығы мен әртүрлі саяси қатысу формаларының арасындағы байланыс арнайы өлшенген.* **7.4 Қолдану деңгейі орташа.** *Бұл нәтиже Қазақстан жастарына, саяси реформа мониторингіне және цифрлық қатысу арналарына қатысты зерттеулер үшін маңызды. Бірақ дерек Алматы студенттерімен шектелген.* **7.5 Бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.** *Публикациялар тізімі берілгенімен, дәл осы корреляциялық модель қай мақалада толық жарияланғаны мәтінде нақтыланбаған.*

			7.7 Ереже 7 **Мазмұны:** *жастардың саяси мәдениетін жетілдіруге бағытталған кешенді білім беру және институционалдық ұсыныстар әзірленді.* **7.1 Ереже дәлелденді.** *Ұсыныстар диссертацияның эмпириялық бөлімінен және сарапшылар пікірінен туындайды. Олар жай тілек емес, зерттеу нәтижелерімен сабақтасқан жүйелі ұсынымдар ретінде берілген.* **7.2 Тривиалды емес.** *Ұсыныстар кешені білім беру, өкілдік, институционалдық қатысу, әкімшілік кедергілер, жемқорлыққа қарсы шаралар және күштік қысым мәселесін қатар қамтиды. Бұл кешенділік оларды тұрмыстық деңгейдегі кеңестен ажыратады.* **7.3 Жаңа емес.** *Көптеген ұсыныстар ғылыми айналымға мүлде жаңа құрал ретінде емес, нақты қазақстандық контекске бейімделген және жүйеленген ұсыныстар ретінде ұсынылған.* **7.4 Қолдану деңгейі кең.** *Оларды ЖОО, мемлекеттік жастар саясаты органдары, азаматтық қоғам институттары, қоғамдық кеңестер, жастар ұйымдары қолдана алады.* **7.5 Мақалада дәлелденген.** *Публикациялар арасында Қазақстан жастарының саяси санасын арттыру стратегияларына арналған еңбек көрсетілген.*
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	***Ия.*** *Әдіснама нақты сипатталған: сауалнама, эксперттік сауалнама, библиометриялық талдау, контент-талдау, тарихи шолу, статистикалық қайта талдау, SPSS, VOSviewer, R Studio қолданылғаны ашық жазылған. Іріктеме, мерзім, қатысушылар саны да берілген.*
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия**;	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	***Ия.*** *IBM SPSS Statistics 28, Google Forms, VOSviewer, R Studio Bibliometrix пакеті қолданылған. Бұл қазіргі саясаттанулық зерттеуге тән сандық және цифрлық әдістердің жеткілікті деңгейін көрсетеді.*
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	***жоқ.*** *Диссертациялық зерттеуде нәтижелер эксперименттік әдістер арқылы емес, сауалнама деректері, сараптамалық бағалау, библиометриялық және контенттік талдау, сондай-ақ корреляциялық статистикалық өңдеу негізінде алынған. Саясаттану ғылымының әдіснамалық ерекшеліктеріне сәйкес мұндай тәсілдер жеткілікті негізделген және кеңінен қолданылатын ғылыми құралдар болып табылады. Алайда аталған тармақта нәтижелердің эксперименттік зерттеулермен расталуы талап етілетіндіктен, формальды тұрғыдан «жоқ» деген бағалау берілді.*
		1) ия;	
		2) **жоқ**.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / **ішінара расталған** / расталмаған.	***Ішінара расталған.*** *Диссертацияда халықаралық, ресейлік/ТМД және қазақстандық әдебиет кең қамтылған, классикалық авторлардан қазіргі зерттеушілерге дейін жүйелі шолу бар. Сонымен бірге кейбір жерлерде бағалау сипатындағы пайымдар мен жалпы тұжырымдар дерекпен жеткілікті бекітілгенімен, кей тұстарда нормативтік-публицистикалық реңк сезіледі. Сондықтан* ***толық емес, бірақ жоғары деңгейге жақын ішінара расталған*** *деп бағалауға болады*

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	***Жеткілікті.*** *Әдеби шолу ауқымды: шетелдік классикалық теориялар, цифрлық саяси қатысу бойынша қазіргі зерттеулер, ресейлік және қазақстандық ғылыми мектептер, сондай-ақ халықаралық индекстер мен ұлттық баяндамалар қамтылған. Бұл тақырып үшін әдеби база жеткілікті және көпдеңгейлі*
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар**; 2) жоқ.	***Бар.*** *Жұмыс саяси мәдениет ұғымын қазіргі қазақстандық студент жастар контексінде қайта пайымдайды, "гибридті-цифрлық саяси мәдениет" ұғымын ұсынады, реформалар мен цифрлық қатысу арасындағы байланысты теориялық тұрғыда түсіндіреді.*
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия**; 2) жоқ.	***Ия.*** *Нәтижелерді ЖОО-дағы азаматтық-саяси білім беру, жастар саясаты, саяси сауаттылық бағдарламалары, жастар ұйымдарының жұмысы, цифрлық қатысу механизмдерін жетілдіру ісінде қолдануға болады. Автор практикалық ұсыныстарды нақты институттармен байланыстырған.*
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	***Ішінара жаңа (25–75% жаңа).*** *Ұсынылған практикалық ұсынымдар мазмұны жағынан толықтай жаңа сипатқа ие емес, алайда олар диссертациялық зерттеудің эмпириялық нәтижелері негізінде жүйеленіп, нақты саяси-әлеуметтік жағдайға бейімделген. Ұсыныстардың ғылыми құндылығы олардың кешенді түрде құрылуымен және алынған деректермен негізделуі арқылы айқындалады.*
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) **орташа**; 3) орташадан төмен;	***Орташа.*** *Жұмыс құрылымдық жағынан жинақы, ғылыми аппарат бар, тараулар арасындағы логика сақталған, негізгі ұғымдар мен әдістер көрсетілген. Сонымен бірге мәтінде стильдік біркелкілік әрдайым сақталмайды, кей*

		4) төмен.	*абзацтарда публицистикалық леп байқалады, кей сөйлемдер созылыңқы, кей пайымдар ықшамдауды қажет етеді. Сондықтан академиялық жазу сапасы төмен емес, бірақ жоғары деңгейге толық шықпаған.*
11.	Диссертацияға ескертулер		*1. Автор ұсынған "гибридті-цифрлық саяси мәдениет" концепциясы мазмұнды болғанымен, оның ұғымдық шекарасы мен классикалық және қазіргі батыстық теориялармен салыстырмалы айырмасы тереңірек ашылса, теориялық салмағы артар еді.* *2. Эмпириялық бөлім мықты болғанымен, зерттеу Алматы қаласымен шектелген. Сондықтан қорытындыларды бүкіл Қазақстан жастарына тікелей жалпылау қосымша зерттеулерді талап етеді.* *3. Корреляциялық талдау реформалар мен саяси қатысу арасындағы байланысты көрсеткенімен, себеп-салдарлық байланысты түбегейлі дәлелдемейді. Бұл шектеу мәтінде көрсетілгенімен, қорытынды бөлімде одан әрі айқынырақ методологиялық рефлексия беруге болар еді.* *4. Ұсыныстарды іске асырудың институционалдық тетіктері, жауапты субъектілер жүйесі және кезең-кезеңімен бағалауға арналған индикаторлар айқынырақ құрылымдалған жағдайда, олардың қолданбалы тиімділігі мен практикалық іске асырылу мүмкіндігі едәуір артар еді.* *5. Академиялық стиль тұрғысынан бірқатар тұстарда бағалауыш сипаттағы сөйлемдер ықшамдалып, ғылыми бейтараптық күшейтілуі орынды.*
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		***Ғылыми деңгейі жеткілікті.*** *Диссертация тақырыбымен тікелей байланысты мақалалар жарияланған: жастардың саяси қатысуындағы жаңа медианың рөлі, саяси мәдениет ұғымының теориялық аспектілері, партия бағдарламаларындағы жастар мәселесі, цифрландырудың саяси белсенділікке ықпалы. Бір Scopus базасында индекстелетін журналдағы мақала мен отандық басылымдардағы мақалалар диссертация нәтижелерінің апробациядан өткенін көрсетеді. Сонымен бірге жарияланымдардың бір бөлігі диссертацияның жекелеген аспектілерін қамтиды, ал барлық қорғауға ұсынылған ережелердің толық корпусын қамтитын серия екені мәтінде толық ашылмаған. Соған қарамастан,*

			ғылыми жарияланымдар деңгейі PhD жұмысы үшін жеткілікті деп бағаланады
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		***Диссертацияны қорғауға ұсынуға болады.*** *Диссертация тақырыбы өзекті, мақсаты мен міндеттері үйлесімді, ғылыми жаңалығы бар, эмпириялық базасы жеткілікті, әдіснамасы негізделген, қорытындылары жалпы алғанда сенімді. Жұмыс саясаттану ғылымына, әсіресе жастардың саяси мәдениеті, саяси реформалар және цифрлық саяси қатысу мәселелерін зерттеуге нақты үлес қосады. Жекелеген теориялық және стильдік ескертулер диссертацияның жалпы ғылыми деңгейін жоққа шығармайды, қайта оны жетілдіруге бағытталған сипатта. Сондықтан диссертациялық жұмыс белгіленген талаптарға сәйкес келеді және қорғауға жіберуге негіз бар.* *Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы қолданыстағы талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы* ***Әлішерова Айгерім Бақытжанқызына 8D03104 – Саясаттану білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.***

Ресми рецензент:

Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университетінің проректоры,

саясаттану бағыты бойынша PhD **Рыстина И.С.**

_____ _____ _____

(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі) *(қолы)* *(Аты-жөні)*